

**«Әйтеке би» атындағы жалпы орта мектебінің
кәсіби бағдар беруші педагогтың 2022-2023 оқу жылындағы
жылдық атқарылған жұмыстарының есебі .**

Кәсіптік бағдар беру педагогы

А.Алипбекова

Мамандық таңдау бұл адам өміріндегі маңызды, қиын және жауапты қадам. Оқушыларға кәсіби бағдар беру және болашақ мамандығын анықтап алуға ықпал жасау мектеп алдында тұрған міндеттердің бірі. Мектеп оқушыларының мамандық таңдауда дұрыс бағыт алу мәселесі мектептің психологиялық қызмет аясында жүргізілетін аса жауапты да маңызды жұмыстарының бірі.

Мектеп жасындағы жасөспірімдерге өзінің болашағын таңдауға келгенде көп ықпал ететін ата- ана, ұстазбен қатар мектеп психологтары да өз үлестерін тигізеді.

Сондықтан 2022 -2023оқу жылында «Кәсіби беру педогогы» деген штат ашылып 2022 қыркүйек айында оқушыларға кәсіптік бағдар беру жұмысы жоспарланды және бекітілді. Кәсіптік бағдар беру кабинетін материалдар мен толықтыру мәселесі қарастырылды . Кітапханада «Қайда оқуға баруға болады» стентін ақпараттар мен толықтыру жұмысы оқушылар мен жасалынды. Мектеп оқушыларының 7-11 сынып аралығында оқушылардың тізімін алдынды.

07.09.2022 жыл. Кәсіби бағыттылықты анықтау мақсатында оқушыларға 7-9 сынып аралығында сауалнама жүргізілді. Мақсаты: Оқушыларға дұрыс мамандық таңдауға бірнеше психологиялық сұрақтар арқылы оқушының қандай мамандыққа бейімділігі бар екенін анықтау.



09.09.2022 жыл «Балаңыздың басты ұстазы –өзіңіз» атты тақырыпта ата-аналармен мектепшілік жиналыс өткізілді. Әр оқушының таңдаған мамандығы бойынша және әр мамандықтық туралы жеке тоқталып, әңгіме жүргізілді. 16.09.2022 жыл 7 сынып оқушыларынан кәсіптік бағдар беру бойынша «Адам өміріндегі еңбектің рөлі» тақырыбында эссе жұмыстары алынды. Оқушыларлар өз ойларын ортаға салып, пікір алмасу жүргізілді. 7-сынып оқушыларынан кәсіби бағыттылықты анықтау, мамандық таңдау бағыты бойынша оқушыларды оқулықпен қамтамасыз етілді .

23.09.2022 жыл дәл осы «Адам өміріндегі еңбектің рөлі» тақырыбы бойынша эссе жұмыстары 8-сынып оқушыларынан да алынды.

07.10.2022ж кітапханада «Қайда оқуға баруға болады» стентін ақпараттар мен толықтыру жұмысы оқушылар мен жасалынды. 11.10.2022 ж. мектеп оқушыларының 7-9 сынып аралығында оқушыларға «Мамандықтар әлемінде» атты кәсіптік бағдар бойынша кеңестер берілді. 9-сынып оқушыларынан қызығушылығы бойынша сауалнама алынды. 7-сынып оқушыларынан «Мен таңдаған мамандық» тақырыбында эссе жұмыстары және қызығушылықтарын арттыру бағытында сауалнама алынды. Оқушыларлар өз ойларын ортаға салып, пікір алмасу жүргізілді.



07.11.2022ж 11 сынып оқушыларымен «Мамандықтың бәрі жақсы» атты жоспардан тыс іс-шара өткізілді. Мақсаты:Оқушының өзі таңдайтын мамандық туралы ойын бір жүйеге келтіріп, дұрыс таңдау жасауына көмектесу, өз бетінше шешім қабылдап, өзіндік мақсатын айқындай білу қабілеттілігін арттыру.

18.11.2022 11 сынып жас түлектерге Серпін – 2050 бағдарламасынан арнайы мамандар иелері келіп түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Мемлекеттік грант қалаған мамандығыңа грантқа түсу жолдарын түсіндіріп нарықта грант көп бөлінетін түрлі мамандықтар бар екенін айтылып өтті.



29.11.2022ж 7 сынып оқушыларымен «Маңызды мамандықтар» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.Мақсаты:Оқушылардың болашақта мамандық таңдауына ықпал ету, ой бөлісу; Жеке басының сапалық қасиеттерін арттыру, жеке тұлға қалыптастыру бағытында дүниетанымын кеңейту;

02.12.2022ж Таңдау пәні бойынша оқушыларға мамандық таңдауына бағыт бағдар беру стенді әзірленді.Мамандық әлемін баяндайтын әдебиеттер тізімі дайындалды. 09.12.2022

ж Қазіргі заман талабы кәсіптік білім беру саласында мыңдаған мамандықтармен кәсіптерге дайындау бағыт бағдар беру жұмысы бойынша кездесу ұйымдастырылды. Астана қаласы Л.Н.Гумилев атындағы Евразия Ұлттық университеті тарих кафедрасының доценті Бекмағанбетов Өмірбай Жолдыбайұлы 11 сынып бітіруші түлектерімізбен кездесу өткізді. Кездесуде жалпы университет тарихымен, ұстаздармен мамандықтармен таныстырып, оқытудың негізгі бағыттары педагогика, экономика, психология, тарих, құқықтану және т.б факультеттерге түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Оқушылар сұрақтар қойып, сұрақтарына жауап алып, белсенді қатысты.



8-сынып білім алушыларынан «Қызығушылық картасы: Сіз ұнатасыз ба?» тақырыбында жәнеде қызығушылығы бойынша сауалнама жүргізілді. Оқушыларға мамандықтар туралы кеңес берілді. Білім алушылардың қызығушылығы бойынша сауалнамалар, таңдаған мамандық бойынша кеңестер берілді. 10-11 сынып оқушыларымен «Болашаққа бағдар жол» тақырыбы бойынша сынып сағаттары өтілді.

22.12.2022ж «Маңызды мамандықтар» тақырыбында 7-сынып оқушыларымен дөңгелек үстел өткізілді. Мақсаты: Оқушылардың болашақта мамандық таңдауына ықпал ету, ой бөлісу. Жеке басының сапалық қасиеттерін арттыру, жеке тұлға қалыптастыру бағытында дүниетанымын кеңейту.

20.01.2023ж Мың мамандық бәрі бар, таңдап, талғап бірін ал! Мақсаты: Мамандық құндылығы туралы түсініктерді кеңейту. Мамандық таңдау оның нәтижесіндегі еңбек қуанышы туралы ұғым беру. 9- сынып оқушыларымен бірге мамандық таңдауда оң шешім

қабылдауға, еңбек қуанышын сезінуге, өзінің қасиетін жетелеу туралы танымдық сабақ өтілді. Оқушыларды еңбекқорлыққа, еңбекті қадірлей білуге, табысты болуға шақырдық. М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің профессоры Таймасов Бақытжан ағайымыз келіп бітіруші түлектермен кездесті. Кездесу барысында оқушыларға грантқа түсу жолдары, қай мамандықтарға көптен гранттар бөлінгені туралы айтылып, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар мектебіміздің халықаралық ғылыми жобадан жеңімпаз болған 9-10 сынып оқушыларын марапаттады.



08.02.2023ж күні «Бүгінгі оқушы - ертеңгі студент» атты студенттермен кездесу кеші өтті. Мақсаты: оқушыларға мамандық таңдау, оның адам өмірінде алатын орны, маңызды туралы түсініктерін қалыптастыру. Бітіріп кеткен түлектердің жақсы қасиеттерін, озық қабілеттерін кейінгіге үлгі ету, мамандықтардың түрлері әр түрлі оқу орындары туралы мағұлмат берілді. 11 сынып оқушыларымен кездесіп жалпы студент болу жайлы бірқаттар мәліметтер берілді. Келген студенттерге өз сұрақтарын қойып, мамандыққа байланысты ойын ойнатылып, қызықты сұхбат болды.





17.03.2023ж 8- сыныптарымен «Кім боламын?» тақырыбында пікірталас сабақ өттім. Мақсаты: оқушыларға болашақ мамандығын таңдауына ықпал жасау. Пікірталас барысында «мамандық әлеміне саяхат» ойыны арқылы оқушылар берілген әріптерге мамандық атауларын тауып жазды. «Кім боламын» ойыны арқылы мамандық иелерін тауып кеңінен түсінік берді. Мамандық таңдау деген өзің айналысқың келетін жұмысты таңдау ғана емес,өзің араласқың келетін ортаны да таңдау.

Жоспар бойынша сәуір, мамыр, айларында 11- сынып оқушыларымен Жоғарғы оқу орындарына экскурсия ұйымдастырылды. Халықаралық Туризм және Меймандостық университетіне, М. Әуезов университетіне, Халықаралық Қазақ - Түрік университетіне, үлкен өмірге енді ғана аяқ басатын жастүлектің мыңдаған мамандықтан өзіне лайықты біреуін таңдау міндеті тұратынын түсіндірілді.Эскурсия барысында оқушыларға жоғарғы оқу жайлы толық ақпарат берілді. Сонымен қатар, оқушылар әр мамандық иелерімен ой бөлісті. 9- сынып оқушыларын орта арнаулы оқу орындарының мамандарымен және Түркістан индустриялы көп салалы колледжі мамандарымен кездесу ұйымдастырылды. Орта арнаулы оқу орнының мамандары оқушыларға оқуға түсу шарттарын және оқу орнының ерекшеліктері туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізді. және Пед колледж, Қазақ неміс политехникалық колледжі, Кентау Көп салалы колледжі т.б колледждерінен мамандар келіп түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Оқушылар көптеген сұрақтарын қойып өздеріне керек жауаптарын алып байланыс нөмірлерін жазып алды.





12.05.2023ж 11- сынып білім алушылардың ата – аналарынан «Сіздің өміріңізде бала қандай орынға ие?» тақырыбында сауалнама алынды. Бұл сауалнама арқылы ата – аналармен білім алушылар тығыз байланыста екенін, яғни балаларына ақыл кеңес айтып, уақытын көңілін бөле алатындығы анықталды. Ата – аналарға психологиялық кеңестер беріліп, жадынамамен таныстырылып, балаңызға мамандық таңдауда қадірменді ата - ана ақыл қосар ақылшысы екеніңізді, қиындығы жеңілдетер көмекшісі екеніңізді, яғни ертенгі күнгі сүйеніш тірегі екендігін еске салып, бала мен ата – ананың арасына ізгі қарым – қарынас орнатылды.

11.05 – 12.05.2023ж аралығында 9 – сынып оқушыларынан сауалнама алынды. Бұл сауалнама нәтижесінде оқушылар нақты колледждерге кететіні белгілі болды.

9 «А» сыныбында жалпы саны 19 оқушы, оның 6- оқушысы колледж оқу орнына түсуге барады.

1. Есен Бекарыс IT- программист Пед колледж Түркістан
2. Өмірбек Қадір электромеханик Яссы колледж Түркістан
3. Ұлықбек Нұржігіт автомеханик Яссы колледж Түркістан
4. Тоқсейіт Арайлым дизайнер Қарағанды жоғарғы политехникалық колледж Қарағанды
5. Нұрлыбай Марғұлан фельдшер медколледж Түркістан
6. Бекзада Қанат автомеханик Көпсалалы колледжі Астана

9 «Ә» сыныбында жалпы саны 20 – оқушы, оның 5 – оқушысы колледж оқу орнына барады.

1. Маразық Эльбек фельдшер медколледж Түркістан
2. Қыдырбай Жансая менеджмент Ақтөбе гуманитарлық колледжі Ақтөбе
3. Ержігіт Нұрбол электрик Кентау көп салалы колледжі Кентау
4. Ержігіт Ақбота медсестра медколледж Кентау
5. Маханбетәлі Абурайхан автомеханик Яссы колледжі Түркістан

9 «Б» сыныбында жалпы саны 17 – оқушы, оның 4 оқушысы колледж оқу орнына барады.

1. Құрбанәлі Али автомеханик Мирас колледжі Шымкент
2. Қожай Аружан медсестра медколледж Түркістан

3. Шәмші Ердос фельдшер медколледж Шымкент
4. Аяп Айгерим медсестра медколледж Шымкент
5. Ұлықбек Айдын автомеханик Яссы колледжі Түркістан

Барлығы 17 оқушы колледжге оқуға барады. Қалған 41 оқушы 11 ші сыныпты бітіреді.

18.05 – 19.05.2023ж аралығында 11 - сынып оқушыларынан сауалнама алынды. Бұл сауалнама нәтижесінде 100% білім алушылар жоғарғы оқу орнына түсуді ойлайды және ата – аналары да 11- сыныпты бітірген соң, жоғарғы оқу орнына түс деп кеңес береді. 11 сынып білім алушылардың 61% мұғалім, 15% заңгер, 12% медицина салаларының маман иесі болғысы келеді. 2% дизайнер, 2% туризм. 11 «А» сыныптан 2 оқушы ҰБТ ға бармайтын болды. Маханбетәлі Бейбарыс Көп салалы колледжге автомеханик мамандығына барады. Астрахан Асылжан Көп салалы колледжге тігінші мамандығына барады. Түркістан қаласы.

Кәсіби бағдар беруші педогог

А.Алипбекова

«Әйтеке би атындағы жалпы

білім беретін мектеп»

кәсіптік бағдар беруші педагогтың

2023-2024 жарты жылдық есебі

Есебі

Кәсіптік бағдар беру бағытының мақсаты: мектептің 7-11 сынып оқушыларына оқу бейінін және болашақ кәсіби қызмет саласын таңдау процесінде оқушыларға кәсіби бағдарлы қолдау көрсету, оқушылардың еңбекке саналы көзқарасын қалыптастыру, өз мүмкіндіктеріне, қабілеттеріне сәйкес және еңбек нарығының талаптарын ескере отырып, қызмет саласын таңдау еркіндігі жағдайында кәсіби өзін-өзі анықтау.

Мақсатқа сәйкес қыркүйек айының басында «11 және 9 сынып оқушыларының кәсіби бағыттылығын диагностикалау нәтижелері бойынша сауалнама» жүргізілді. Сауалнама нәтижесі бойынша 11 сынып балалары өз бағыттарын, мамандықтарын нақты таңдап отырғандығына нақтыланса, 9 сынып оқушыларында әлі де ой үстінде жүрген оқушылар кездесті. Жоспарға сәйкес мамандық таңдау мәселесін белсенді арттыру, мамандық әлемі туралы ақпарат алу және өзін тану шекарасын кеңейту арқылы мамандық бағытын таңдауда жауапты шешім қалыптастыру мақсатына кәсіптік бағдар бойынша «Мамандықтар әлемінде» кеңес беру танымдық сабағы оздырылды. Іс-шара оқушылардың мамандық туралы таным көкжиегін кеңейтіп, қазіргі заманғы мамандықтар қандай, қандай мамандықтар сұранысқа ие, өз мамандығын дұрыс таңдау үшін қандай кеңестерге назар аудару керек? секілді сұрақтарға жауап алынып, талданды Қазан айында оқушылардың кәсіби бейімділіктерін анықтау мақсатында Қазан айында оқушылардың кәсіби бейімділіктерін анықтау мақсатында 9-11 сыныптар арасында сауалнама жүргізілді. Нәтижесі төмендегі алты түрлі бейімділік бағыты бойынша қорытындыланды:

1. Адамдармен жұмыс істеуге бейімділік.
2. Зерттеу қызыметтеріне бейімділік.
3. Өндірістік жұмысқа бейімділік.
4. Іс-әрекеттің эстетикалық түрлеріне бейімділік.
5. Іс-әрекеттің экстрималды түрлеріне бейімділік.

Іс-әрекеттің жоспарлық-экономикалық түрлеріне бейімділік Жинаған ұпай сандары бойынша жалпы оқушылардың профессионалды бейімділік-90% және әлсіз профессионалды бейімділік-10% көрсеткіш көрсетті. Оқушылар сәйкес бейімділіктерін таңдап отырған мамандықтарына сай келетіндіктерін айтты. Тоқсан қорытындысы бойынша мамандықтар әлеміне кіріспе жұмысы

жүргізіліп балалармен жұмыс жасайтын бағыт анықталды. Қосымша жұмыс жасау керек пәндері айтылды.



11.09.2023ж «Осындай мамандықтар бар» тақырыбында кітапханада әдебиеттік шолу жасалды. Кітапханашы Бексейтова.Ж болашақта мамандықты дұрыс таңдай білу керек туралы баяндама оқыды. Болашақта кім болғың келеді деген сұраққа оқушылар болашақта кім болғысы келетінін айтып өтті. Оқушылардың бірі президент болғысы келсе, бірі әкім, бірі спорт шебері, бірі мұғалім және дәрігер маманы болғысы келетінін айтып өз ойларымен бөлісті. Оқушылар өздерінің қандай пәндер қызықтыратынын айтты. Кітапхананы аралап мамандықтарға байланысты кітаптарды көріп оқып түсініктерін айтып өз ойларымен бөлісті. Сонымен қатар қазіргі заманның талабына сай жаңадан кітаптар келді. Оның ішінде «Мамандықтар әлемі», «Мамандық таңдауға көмек», «Менің алғашқы жұмысым», «Алуан алуан кәсіп бар таңдай білде талап қыл» т.б

Ұсыныс: Оқушылар болашақта таңдаған мамандығына қол жеткізу үшін жиі кітапханадан керекті кітаптарын оқып болашақта мамандықты дұрыс таңдауға бағыт бағдар берілді.



21.09.2023ж Бастауыш сыныптар арасында «Менің болашақ мамандығым» тақырыбында сурет салу бойынша өткізілді. Оқушылар мамандық таңдауда олардың негізгі түрлері, классификациясы белгілері, мамандық тобы, таңдау әдістері туралы білімдерін кеңейте отырып, мамандықтарға деген ынта ықыласын,қызығушылықтарын арттыра түсті. Өздерінің қалаған мамандықтарының суретін салды. Нәтижесінде ең үздік суреттер анықталып марапатталды.

Ұсыныс: Оқушыларға болашақта таңдаған мамандығы бойынша сурет салу байқаулар ұйымдастыру.



28.09.2023 жылы 2-4 сыныптар арасында «Менің қолымнан бәрі келеді» тақырыбында түрлі бұйымдар жасау көрмесі өткізілді. Оқушылар мамандық таңдауда олардың негізгі түрлері, мамандық тобы, таңдау әдістері туралы білімдерін кеңейте отырып, мамандықтарға деген ынта ықыласын қызығушылықтарын арттыра түсті. Өздері қалаған мамандық иелерінің түрлі бұйымдарын жасап, көрмеге қойды. Нәтижесінде ең үздік бұйымдар анықталып марапатталды.



12.10.2023 жылы 5-10 сыныптарынан сауалнама алынды. Оқушылардың кәсіптік бағдар бойынша қабілеттерін, мамандық таңдау туралы ой – пікірін анықтау. Қандай мамандық қызықтырады деген сұраққа оқушылар өздерін қызықтыратын мамандықтарын және таңдаған мамандықтарының басқа

мамандықтан айырмашылығын жазған. Мамандық таңдауларыңа ата – аналарың қандай кеңес береді деген сұраққа оқушылар таңдауларына ата – аналары қолдау білдіргендерін жазған. Таңдаған мамандықтарын меңгеру үшін көп еңбектеніп, көп оқитындарын жазған. Ұсыныс: Мамандық таңдағанда қателікке жол бермей, сол мамадыққа түсу үшін жалқаулыққа салынбай, көп ізденіп шыдамдылықпен дайындалу.



19.10.2023 жылы 3-4 сыныптар арасында «Мен ұстазымды мақтан етемін!» тақырыбына ашық хаттар әзірлеу өткізілді. Мектептегі екінші үй десек, ұстазды анамыз дейміз. Ұстаз бола білу екенін бірінің қолынан келе бермейді. Алыптың да, дананың да ұстазы болған. Ендеше, бүгін ұлы тұлғалардың ұстаз туралы оқушылар өздерінің ізгі тілектерін сүйікті ұстаздарына арнап ашық хат әзірледі. Оқушылар ұстаздардың күнделікті жұмыстарымен танысып ұстаз құрметтерін ашық хатқа жазып ұсынды. Өздері қалаған мамандықтардың ішінде мұғалімболамын деген оқушылардың қызығушылықтарын арттыра түсті. Ұстаздар да қуанып шәкіртке деген мейірімділіктерін көрсетті.



26.10.2023ж 9-11 сыныптар арасында «Болашақ мамандықты таңдадыңыз ба?» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Күн тәртібі мәселе бойынша директордың бейіндік ісі жөніндегі орынбасары З.Қошуақ сөз алды. Мектеп бітіретін 9-11 сынып оқушыларын қандай мамандықты таңдаймын немесе таңдаған мамандығыма қалай қол жеткіземін деген ойлар мазалайтыны анық.Бұл әрине үлкен өмірге қадам басардағы ең жауапты сәттердің бірі. Себебі осы бағыт бағдар адам ғұмырының алдағы болашағына өз әсерін тигізеді. Дұрыс жол тапсаң дүниеге пайдасы бар кірпіш ретінде қаланудың мүмкіндіктеріне қол жеткізесің.Болашақта қандай маман иесі болғым келеді,қай мамандықты таңдасам болады? Осы бір сұрақ өмірге келіп, сана сезімі жетілген әрбір адамды толғандырары сөзсіз. Адам асқақ арманға, биік мақсатқа ұмтылады. Әр мамандық өзінше тартымды, өзінше ерекше, қажетті болып саналады. Мамандық таңдау – адам өміріндегі ең маңызды қадамдардың бірі. Яғни адам өз бойындағы қабілетіне қарай, икемділігіне қарай, бір сөзбен айтқанда шама шарқына қарай өзіне және қоғамға қызмет ету дегенмен бірдей. Сондықтан адам баласы өмірде мамандық таңдауда өз өміріне балта шаппастай етіп үлкен жауапкершілік арқалай отырып асқан ыждаһаттылықпен таңдау жасауы тиіс. Себебі, адам тағдырының бір блігі өзі таңдаған мамандығымен ұштасып жатады. Бірақ біздің жастарымыз осы тұрғыдан келгенде аяғын шалыс басып, өз таңдауларын дұрыс жасай алмай, көп опық жеп отыратын кездері де кездеседі. 9-11 сыныптар арасында өткізілген «Болашақ мамандықты таңдадыңыз ба?» тақырыбындағы дөңгелек үстел бойынша талқыланған тақырыптар алдағы уақытта қолға алынсын.



20.11.2023ж 8-9 сынып оқушылар арасында пікірлесу сағатты өткізілді. Бұл пікірлесу сағатын мектеп медбикесімен бірлесіп жүргіздік. Пікірлесу сағаты кезінде оқушыларға «Кім болғанды қалайсың?» деген сауал тастап, әр оқушының өз ойын яғни дәрігер, мұғалім, суретші, теміржолшы, т.б мамандық иесі болатынын білдік. Сондай – ақ оқушылар осы мамандық иелері қазіргі таңда қаншалықты қажет деген сауалға өз ойларын ашық теткізе білді. Яғни осы жерде заман ағымына қарай мамандақтар әлемі де өзгеріп отыратыны жайлы түсінік беріліп өтті. Сондықтанда әрбір оқушы ең әуелі өз жеке басының ерекшеліктерін танып, өзінің жүрегіне үңілу арқылы бойындағы бейімділігін байқап содан кейін ғана ұнататын мамандықтардың арасынан біреуін таңдау қажет екенін айта келе өзінің таңдаған мамандығының болашақ болмысы туралы терең зерттеп білгені және өз қалауы бойынша ой таразысына салып 2-3 мамандықты салыстырып көру керек екеніне тоқталды. Отырыс соңына қарай оқушылар ақпарат ала отырып, оның келешекте алар орны, тигізер пайдасы жайында өзара ой бөлісті. Оқушыларға мамандық туралы кеңестер беріліп және ақпараттандырылды.



24.11.2023 жылы 11 сынып Ата аналар жиналысы өтті. Жиналыстың алғы сөзін директор Қ.Рысбаев алып, ҰБТ туралы, оқушылардың сабаққа қатысуы

бойынша тоқталып өтті. Келесі сөзді кәсіптік бағыт бағдар педагогы А.Алипбекова мамандық таңдау бойынша баяндама оқыды. Мамандық таңдауда жауапкершілікті қалыптастыру, оқушыларға мамандықтың түрлері, олардың адам өміріндегі маңызы туралы түсінік бере отырып, өз биіміне сәйкес мамандық таңдай білуіне ықпал жасау, кәсіби бағдар беру, мамандық әлімінен ақпараттар алу, қазіргі заманның тапшы мамандықтарын көрсетіп, сол бағытқа қарай бағыттау, өз пікірін еркін айтып, өзгенің пікірін сыйлай білуге, жүйелі ойлауға баулу, оқушыларды терең білім алу жолында үздіксіз еңбектенуде еңбек қорлыққа тәрбиелеу. Әр адам ерте ме, кеш пе өз өмірінде «Қандай мамандық иесі боламын?» деген сұраққа жауап іздейді. Мамандық таңдау - өте жауапты іс. Өйткені таңдаған мамандығың ертеңгі сенің өмірің, болашағың қоғамның болашағы, еліміздің ертеңі. Ата аналарға сауалнама берілді. Сөз соңында «Отан отбасынан басталады» демекші ата – аналар мен ұстаздар қауымы үшін жас ұрпақ тәрбиелеп, оны қоғам мүддесіне жарату кезек күттірмейтін мәселе. Осы мәселеге ата – аналар ұстаздар болып атсалыссақ, алар \асуымыздың биік болары сөзсіз.



08.12.2023 жылы 10-11 сынып оқушылармен Майдантал ауылының мекемелеріне саяхат жасалды. Ауылдың ауруханасына, әкімшілікке, балабақшаға, почтаға барып әртүрлі мамандықтар иелерімен сұхбаттасып әртүрлі сұрақтарға жауаптар алып жақсы сезімде болып қайтты. Әкімшіліктің барлық мамандарының жұмыстарын көріп, оқушылар өздеріне

керек мағлұмат алып, жұмыстың қырсырымен танысты. Ауылдың ауруханасына барып медиктермен сұхбаттасып медиктердің керек құралдарымен танысып, күнделікті қандай жұмыс жасайтындарын көріп жақсы әсер алды., және ауылымыздың балабақшасына барып күнделікті тәрбиешілердің және басқада қызметкерлердің жұмыстарымен танысып жақсы әсер алды.



15.12.2023 жылы «Кәсіби бағдар – болашаққа бағдар» тақырыбы аясында Не? Қашан? Қайда? Деген тақырыпта 8 сынып оқушылары арасында викториналық сайыс өткізілді. Сайыс тұлғалар қалалар мамандықты тап, кино мультфильм кейіпкерлері Университеттер деген бес кезеңнен тұрды. Оқушылар екі топқа бөлініп ұяшықтарға сұрақтарға кезекпен жауап берді. Мақсаты: оқушылардың мамандық туралы түсініктерін қалыптастырып мамандық таңдауға деген қызығушылығын ояту. Қазақстандағы университеттермен таныстыру. Сайыс соңында командалардың ұпай саны есептеліп, сұрақтарға дұрыс жауап берген топ анықталды. Сайысқа белсене қатысқан команда мақтау қағазымен марапатталды.

